

«Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы көпсалалы
инновациялық колледжі» МКҚК



**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ
КӨПСАЛАЛЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
КОЛЛЕДЖІ» МКҚК**

**2025-2029 жылдарға арналған
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

2025 ЖЫЛ

Бағдарламаның мазмұны

Кіріспе	2
Бағдарлама Паспорты	3
I. Бағдарламаның аналитикалық және болжамдық негіздемесінің блогы	
1.1. Ұйымның ағымдағы қызметін талдау	5
1.2. Ұйымның инновациялық әлеуетін бағалау	11
1.3. Педагогтердің ұйымның даму перспективалары мен бағыттары туралы пікірі	13
1.4. Күтілетін салдардың болжамы	13
1.5. Ата-аналардың/студенттердің сауалнамасы	14
1.6. Еңбек нарығының өзгеру тенденцияларының болжамы	14
II. Бағдарламаның кіріспесі	
2.1. Өзектілігі	15
2.2. Шынайылығы	15
2.3. Кешенділік	16
III. Бағдарлама миссиясы	
3.1. Ұйымның стратегиялық мақсаттарын орнату	16
3.2. Білім беру ұйымы қызметінің бірегейлігі	17
IV. Бағдарламаның стратегиялық блогы	
4.1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі ұйымның рөлі	18
4.2. Стратегияларды таңдау және ұйымның даму кезеңдерін болжау	18
4.3. Академиялық саясат	19
4.4. Ұйымның инновациялық әлеуетін дамыту және оған қол жеткізу	19
4.5. Ғылыми-техникалық әзірлемелерді коммерцияландыру	20
V. Бағдарлама мақсаттарына жету жолдары	
5.1. Бағдарламаны іске асыру жоспарын әзірлеу	20
5.2. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-қимылдарды ұйымдастыру және үйлестіру	21
VI. Күтілетін нәтижелердің сипаттамасы	
6.1. Ұйымдағы оң өзгерістер	21
6.2. Сапалық және сандық күтілетін нәтижелер	22

Кіріспе

Технологиялық прогрестің қарқынды дамуын, технологиялық өзгерістерді, цифрлық трансформацияны, экономиканың жаһандануын, жүйелік дағдарыстар қауіпін, кадрларды даярлауда тұрақтылық пен жауапкершілікті қамтамасыз етудің маңыздылығын ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі озық әрекет етуі, қоғам мен еңбек нарығының ағымдағы қажеттіліктері мен сын-тегеуріндеріне жауап беруі тиіс. Осыған байланысты колледждер уақыт талаптарына сай болуы тиіс, яғни жұмысшы кадрларды даярлаудың негізгі буыны, өңірлердің еңбек нарығының өзгермелі құрылымын ескере отырып, талап етілетін дағдылар мен біліктіліктерді қалыптастыруға бағдарланған біліктілікті арттыру және қайта оқыту орталықтары, стартаптар мен бизнес-идеяларды іске асыруға арналған алаң болуы тиіс.

Сонымен қатар, "Жас Маман" жобасы бойынша жабдықталған заманауи материалдық-техникалық базаны және кадр ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру колледжде болып жатқан барлық өзгерістерге тез және икемді бейімделуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама Паспорты

Атауы	«Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы көпсалалы инновациялық колледжі» МКҚК-ның 2025-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіз	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі "Әділ Қазақстан: Заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан Халқына Жолдауы, «Жұмысшы мамандықтар жылын жариялау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 744 Жарлығы, «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы, «Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1134 қаулысы, «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспары» ҚР Оқу ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 2 наурыздағы №59 бұйрығы, «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы № 273 бұйрығы.
Бағдарламаны әзірлеуші	«Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы көпсалалы инновациялық колледжі» МКҚК

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері	Мақсаты: еңбек нарығының талаптарына, ел экономикасы мен қоғамның технологиялық өзгерістері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін кадрларды даярлаудың заманауи, икемді және бейімделу жүйесін құру Тапсырмалар: - Жетекші/тірек колледждердің қатарына кіріп, озық технологиялар мен білім беру стандарттарын енгізу алаңына айналу; - Ұлттық біліктілік жүйесін және кәсіптік білім беру мен оқыту саласындағы халықаралық тәжірибені ескере отырып, білім беру ортасын құру; - Халықаралық салалық стандарттарды енгізу; - Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін бағдарламалар бойынша кадрлар даярлау; - ТжКБ ұйымдарымен және шетелдік оқу орындарымен байланысты дамыту; - Қызметкерлердің кәсіби даму жүйесін қалыптастыру; - Ғылыми-зерттеу қызметін дамыту; -Бизнес-қоғамдастықпен, әлеуметтік әріптестермен, өндірістік кәсіпорындармен, "Атамекен" ӨКП-мен өзара қызмет атқару; - Идеологиялық сауатты, рухани-адамгершілік, патриоттық рухты жастарды тәрбиелеу жүйесін құру; - Кәсіптік бағдар беру жұмысын дамыту; - Материалдық-техникалық базаны жақсарту; - Коммерцияландыруды дамыту; - Ауыл шаруашылығын механикаландыру және Дәнекерлеу ісі мамандықтары бойынша халықаралық сертификаттау орталығын құру.
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Бағдарламаны іске асыру мерзімі – 2025 – 2029 жылдар, оның ішінде: 1) 2024 жыл-дайындық кезеңі; 2) 2025 – 2029 жылдары - қалыптасу кезеңі; 3) 2029 жыл-аналитикалық-жалпылау кезеңі.

Қаржыландыру көздері мен көлемі	Республикалық бюджет; Жергілікті бюджет; Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатудан түскен қаражат есебінен; Әлеуметтік серіктестердің демеушілік көмегі
---------------------------------	--

I. Бағдарламаның аналитикалық және болжамдық негіздемесінің блогы

1.1. Ұйымның ағымдағы қызметін талдау

«Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы көпсалалы инновациялық колледжі» МКҚК білім беру қызметін ҚР Конституциясына, ҚР Президентінің Жарлықтарына, ҚР «Білім туралы» Заңына, «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің қаулысына, ҚР «Еңбек туралы» Заңына, ҚР Оқу-ағарту министрінің бұйрықтарына, ҚР Оқу-ағарту Министрлігінің бұйрығына сәйкес жүзеге асырады ҚР БҒМ «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» және 19.02.2025 жылғы № KZ40LAM00000546 білім беру қызметіне лицензиямен жүзеге асырады.

Колледж мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесі

1 Кесте

№	Мамандықтардың атауы	Біліктілік
1	07150500 Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	3W07150501 Электргазымен дәнекерлеуші
		4S07150502 Техник-механик
2	07321100 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану	3W07321101 Слесарь-сантехник
		3W07321102 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелеріне қызмет көрсету шебері
		4S07321103 Инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану технигі
3		3W07161601 Жөндеуші-слесарь
		3W07161602 Ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу шебері

	07161600 Ауыл шаруашылығын механикаландыру	3W07161603 Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі
		4S07161604 Техник-механик
4	04110100 Есеп және аудит	3W04110101 Бухгалтер-кассир
		4S04110102 Бухгалтер
		4S04110103 Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджері
5	07230100 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	3W07230101 Тігінші
		3W07230102 Арнайы тігінші
		3W07230103 Кестелеуші
		3W07230104 Киім конструкторы
		3W07230105 Модельер-пішуші
		4S07230106 Модельер-конструктор
		4S07230107 Техник-технолог
6	07320100 Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	3W07320101 Шатыр жұмыстарының шебері
		3W07320102 Ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері
		3W07320103 Құрғақ құрылыс шебері
		3W07320104 Кең бейінді құрылыс жұмыстарының шебері
		3W07320105 Құрылыс-әрлеу жұмыстарының шебері
		4S07320106 Техник-құрылысшы
7	10130300 Тамақтандыруды ұйымдастыру	3W10130301 Кондитер-безендіруші
		3W10130302 Аспазшы
		4S10130303 Технолог
8	06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	3W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы
		4S06120102 Желілік және жүйелік әкімшілендіру техникі
		4S06120103 Деректер базасын әкімшілендіру жөніндегі техник
9	07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	3W07161301 Автомобиль жөндеу слесарі
		3W07161302 Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик
		3W07161303 Автомобиль көлігін жөндеу шебері
		4S07161304 Техник-механик
10	07150300 Токарлық іс (түрлері бойынша)	3W07150301 Токарь
		3W07150302 Фрезерлеуші
		3W07150303 Ажарлаушы
		4S07150304 Техник-технолог
	10 мамандық	39 біліктілік

Колледждің ағымдағы жай-күйін талдау колледждің қызметтері мен құрылымдық бөлімшелері ұсынған жұмыс туралы есептерді, педагогикалық, әдістемелік кеңестер отырыстарының хаттамаларын, колледж қызметінің мониторингісін ескере отырып құрылды.

Кадрлық құрамды талдау

Басшы және оқытушы құрамның білім деңгейінің нәтижелері

2 кесте

Лауазымның атауы	Барлығы	Жоғары педагогикалық біліммен	Жоғары салалық біліммен	Орта арнаулы біліммен
Басшы	1	1	1	-
Басшының орынбасарлары	4	2	2	-
Оқытушылар	38	26	10	2
Өндірістік оқыту шеберлері	19	2	14	3

Кесте деректеріне сүйене отырып, инженерлік-педагогикалық қызметкерлердің негізгі үлесі жоғары білімге ие деген қорытынды жасауға болады.

Басшы және оқытушы құрамның жұмыс өтілі туралы ақпарат

3 кесте

Лауазымның атауы	Барлығы	5 жылға дейінгі еңбек өтілі	5 жылдан 10 жылға дейінгі еңбек өтілі	10 жылдан артық еңбек өтілі
Басшы	1	-	-	1
Басшының орынбасарлары	4	-	-	4
Оқытушылар	38	3	9	26
Өндірістік оқыту шеберлері	19	3	3	13

Педагогикалық құрамның жұмыс өтілін талдау нәтижесінде колледжде 10 жылдан астам жұмыс өтілі бар қызметкерлер басым, ал жаңадан бастаған оқытушылар аз үлес алады деген қорытынды жасауға болады.

Колледж ұжымының жас құрамын талдау

4 кесте

Лауазымның атауы	Барлығы	20-40 жастағылар	40-60 жастағылар	60 жастан асқандар
Басшы	1	-	1	-
Басшының орынбасарлары	4	-	5	-
Оқытушылар	38	13	19	6
Өндірістік оқыту шеберлері	19	7	8	4

Қызметкерлердің жас құрамын талдау нәтижесінде ұжымда 40 жастан асқан педагогикалық қызметкерлер басым, 40 жасқа дейінгі педагогикалық қызметкерлер 32% құрайды деген қорытынды жасауға болады.

Басшы және педагогикалық құрамның біліктілік көрсеткіштері

5 кесте

Лауазымның атауы	Барл ығы	Басшылар дың категориял ары	Жоғары, шебер, зерттеуші	бірінші, сарапшы	Екінші, модератор -р	Категорияи сыз
Басшы	1	1	-	1	-	-
Басшының орынбасарлары	4	2	2	1	-	1
Оқытушылар	38	-	2	6	11	19
Өндірістік оқыту шеберлері	19	-	1	3	4	11

Әдістемелік қызмет

Оқу - өндірістік процесті 56 педагог жүзеге асырады, оның ішінде 9 арнайы пән оқытушысы және 19 оқу өндірісінің шеберлері, 28 жалпы білім беретін педагогтер.

Колледждің инженерлік - педагогикалық құрамының санын арттыру мақсатында өндірістен қызметкерлерді тарту жұмыстары қарастырылған. Осы орайда, жыл сайын өндірістен оқу өндірісінің шеберлерін жұмысқа қабылдау қолға алынды. Колледждің инженерлік - педагогикалық құрамы 3 жыл сайын әр түрлі деңгейде біліктілігін арттыру курстарынан өтіп отырады. Бұл педагогтердің жаңаша білімдерін жетілдіріп отыруға мүмкіндік береді.

Арнайы пән оқытушылары және оқу өндірісінің шеберлері өздерінің кәсіби біліктіліктерін жетілдіру мақсатында, арнайы өндірістерде тағылымдамадан өтіп тұрады, оның ішінде үздік шетелдік тәжірибені зерделеу және колледжде инновациялық технологияларды, білім беру бағдарламаларын, оқыту нысандары мен әдістемелерін енгізу үшін Венгрия, Түркия, Париж, АҚШ, Дубай, Ресей, Сингапур, Қытай елді мекендерінде тағылымдамадан өткен педагогтерімізде жетерлік.

WorldSkills байқау стандарттары бойынша оқу өндірісінің шеберлері арнайы сарапшылар курстарынан өтіп тұрады.

Студенттер мен педагогтердің аймақтық WorldSkills кәсіби шеберлік конкурстарына құзыреттеріліктер бойынша қатысуы жыл сайын артып келеді. Колледждегі WorldSkills қозғалысы 2017 жылдан бастап кеңінен дамып келеді "Сантехника және жылыту" құзыреттілігі бойынша колледж студенті Ұлттық чемпионатта 1-ші орынға ие болды, сонымен қатар Ресейде өткен WorldSkills чемпионатында 3-ші орынды иеленді.

- 2021 жылы колледж базасында «WorldSkills Kazakhstan-2021» республикалық кәсіби шеберлік байқауы өткізілді, оған Ақмола, Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарының агротехникалық колледждерінің студенттері белсенді қатысты, онда біздің қатысушы 1-ші орынды иеленді.

- ҚР командасының құрамында 2023 жылы мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған Францияда өткен X-Халықаралық «Abilympics-2023» «Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша кәсіби шеберлік байқауына қатысып, колледж студенті медальонмен жеңіске жетті.

2023- алғаш рет IV Халықаралық «Астауфест-2023» «Жыл наубайшысы» құзыреттілігі бойынша гастрономиялық фестивалге қатысып 2 орынды иеленді.

2024 - Минск қаласында өткен «СВЯТА ЛЬНУ. РОДНАЕ МОДНАЕ» атты брендтік көрсетілімде студентіміз жоғары деңгейде бағаланды.

2024 – «Наубайхана ісі» құзыреттілігі бойынша «Wordskills Kazakhstan» республикалық чемпионатында Медальонмен көзге көрінген студенттер бар. Халықаралық WorldSkills чемпионаттарына жыл сайын 1 чемпионат қатысушысын шығаруға үміттенеміз.

Осылайша, 2020 жылдарынан 11 құзыреттіліктен 18 құзыреттілікке артып, студенттер WorldSkills чемпионатына жыл сайын артып келеді. Ақмола облысының колледждері арасында құзыреттер мен жүлделі орындардың саны бойынша екінші орнын басып отырмыз.

Алғаш рет 2021 жылы колледж базасында «BabySkills» өткізілді. Бұл байқауға «Мансур» және «Амина» балабақшаларының 12 тәрбиеленушісі, «Жас аспаз», «Жас агроном» құзыреттіліктері бойынша қатысты.

Ерте кәсіптік бағдар беру және оқушылардың заманауи және болашақ кәсіби құзыреттіліктерін игеру мақсатында жыл сайын колледж базасында мектеп оқушылары арасында «Junior Skills» чемпионатын өткіземіз және нәтижесінде конкурстарға қатысушылар біздің колледждің студенттері атануда.

2021 жылдан бастап студенттеріміз «Қазақстан Республикасы колледждерінің 100 ТОП студенті» қатарынан көрініп келеді.

Колледж студенттерімен қатар оқу өндірісінің шеберлері мен педагогтер қалалық облыстық және республикалық деңгейдегі кәсіби байқауларға, ғылыми-практикалық конференцияларға, форумдар мен сайыстарға жүйелі түрде қатысып тұрады.

Колледж оқытушылары дәстүрлі «Үздік педагог», «Тжәне КББ ұйымдарының педагогтері арасындағы білім беру саласы бойынша кәсіби шеберліктің облыстық конкурсы», «Өндірістік оқытудың үздік шебері», «ТжКББ ұйымдарының педагогтері арасындағы кәсіби шеберлік конкурсы», WorldSkills (Ворлдскиллс), Abilympics (Абилимпикс) кәсіби шеберлік байқауына қатысып тұрады.

2022 - «ТжәнеКББ ұйымдарының педагогтері арасындағы білім беру саласы бойынша кәсіби шеберліктің республикалық конкурсында математика пәнінің оқытушысы жеңіске жетті.

2023 – «Сервис және қызмет көрсету» саласындағы ТЖКБ ұйымдарының педагогтері арасында республикалық кәсіби шеберлік конкурсында III орынмен оқу өндірісінің шебері алға шықты.

2024 - Ауыл шаруашылығы саласы бойынша ТЖКБ ұйымдарының педагогтері арасында өткен республикалық кәсіби шеберлік конкурсында 2 оқу өндірісінің шебері 2 құзыреттілік бойынша I орынды иеленді. Бұл игі істеріміз әлі де жалғасын тауып келеді.

Колледж оқытушылары соңғы үш жылдың ішінде 23 оқу-әдістемелік құрал жазды. Олардың 5-і сандық білім беру ресурсы, 3 –і CLIL әдістемесін жетілдіруге бағытталған, 15-і арнайы пәндер бойынша құрастырылған. Осы бағытта әлі де жұмыстар жалғасуда әсіресе ғылыми жұмыстармен терең зерттеу, зерделу бағыты даму үстінде.

2024 жылы облыстық байқауда «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің үздік ұйымы» грантын ұтып алды.

Оқу орнының жетістіктерін талдау колледждің даму жағдайында екенін және өзгерістерге дайын екенін көрсетеді.

1.2. Ұйымның инновациялық әлеуетін бағалау

Колледжді дамытудың стратегиялық бағдарламасы оқу орнының инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасына сәйкес әзірленді. Колледждің қолда бар әлеуеті инновациялық дамудың одан әрі перспективаларын ашады.

Виртуалды тренажерлар, виртуалды шындық көзілдіріктері, мультимедиялық оқыту кешендерінің көмегімен трактор механизмдерін зерделеуге арналған 3D бейнелеу зертханасы білім беру сапасын арттырады, кез келген күрделілік процестерін көрнекі түрде көрсетеді, білім алушылар үшін шындыққа жақын орта жасайды, сонымен бірге слесарь-жөндеуші және тракторшы-машинист сияқты біліктіліктер бойынша бірегей дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Инновациялық цифрлық модульде әлемдегі жетекші брендтердің тракторлары мен комбайндарының интерактивті модельдері ұсынылған. Бұл модельдер техниканың құрылымын егжей-тегжейлі зерттеуге, құрылымның схемаларын, жабдықтың сипаттамасы мен жұмысын түсінуге мүмкіндік береді, бұл оқу процесін мүмкіндігінше ыңғайлы және көрнекі етеді.

Дәл егіншілікті жүзеге асыру үшін колледж студенттері PresesionIQ, Trimble Business, LandLeveler бағдарламаларымен жұмыс істейді. Координаттар жүйесі туралы математикалық білімді қолдана отырып, олар автопилоттардың спутниктермен байланысы қалай жүретінін түсінеді. Біз қондырғыларды басқаруды үйретеміз және оларды автопилотпен байланыстырамыз. Кәсіби модульді зерттегеннен кейін олар электромеханикалық автопилоттарды калибрлеуді, гидравликалық автопилоттарды орнатуды, агрегаттардың тракторға қосылуын реттеуді біледі.

Қазіргі уақытта дақылдарды күтудің инновациялық әдістерінің бірі-дрондарды немесе ұшқышсыз ұшу аппараттарын (ұшқышсыз ұшу аппараттарын) пайдалану болып саналады. Кішкентай дронның көмегімен колледж студенттері колледждің оқу шаруашылығы өрістеріне аэрофототүсірілім жасайды. Сонымен қатар, аддитивті технологиялар кеңінен қолданылады. Аддитивті өндіріс - бұл үш өлшемді объектілерді құру әдісі. Осыған байланысты біз студенттерге дронды құрастыруға арналған бөлшектерді 3D басып шығаруды үйретуді бастадық. Нәтижесінде студенттер әртүрлі бағдарламалармен (мысалы, BroUav, XAG SuperX, DJI terra, Pix4DFields) дағдыларды игереді, аддитивті технологияларды, қолда бар жабдықты пайдалану және онымен байланысты өндіріс дағдыларын меңгереді, қажет болған жағдайда қажетті бөлшектерді тек дрондар үшін ғана емес, сонымен қатар ауылшаруашылық техникалары үшін де модельдей және басып шығара алады.

Президент Жолдауын орындау мақсатында және колледж базасында ТЖКБ жаңғыртудың Жол картасын іске асыру шеңберінде "Team - Agro" ЖШС әлеуметтік әріптесімен бірлесіп элеваторлық жабдыққа арналған бөлшектер шығаратын шағын кәсіпорын құрылды. Осы кәсіпорынмен ынтымақтастық ө/о шеберлеріне өндіріс жағдайында жұмыс істеудің практикалық дағдыларын игеруге мүмкіндік береді, студенттерді слесарь-жөндеуші, электр газбен дәнекерлеуші біліктіліктері бойынша даярлау кезінде колледждің мүмкіндіктерін кеңейтеді, «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандығы бойынша студенттерді Компас-3D, Auto-CAD, Autodesk Inventor, SolidWorks, Инвентор бағдарламаларында бағдарламалауға үйретеді. Колледждің оқу шаруашылығы алқаптарында қолайлы жағдайлар жасау үшін, жоспарланған жер бедерін қалыптастыру үшін топырақты кесу, тасымалдау және төгу үшін, сондай-ақ топырақты біркелкі ылғалдандыру үшін колледж базасында, "AQRIKA" ЖШС әлеуметтік серіктесімен бірлесіп,

скрепердің/топырақ жоспарлаушының тәжірибелік данасын дайындау жоспарлануда.

1.3. Педагогтердің ұйымның даму перспективалары мен бағыттары туралы пікірі

Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету, арттыру және мамандарды даярлау үшін колледжде алқалы басқару органдарының мынадай жүйесі бар: педагогикалық, оқу-әдістемелік, қамқоршылық, индустриялық кеңестер, педагогикалық этика жөніндегі кеңес, студенттік кеңес, жатақхана кеңесі, стипендиялық комиссия, кураторлар кеңесі, студенттік парламент.

Сонымен қатар, колледжде кәсіподақ ұйымы жұмыс істейді.

1.4. Күтілетін салдардың болжамы

Кесте 6

	Қазіргі уақытта	Күтілетін нәтиже
Колледж	Жас Маман жобасы аясында жабдықталған материалдық-техникалық база, кәсіби стандарттары мен WorldSkills стандарттары бойынша білім беру бағдарламалары, Ауыл шаруашылығын механикаландыру жөніндегі құзырет орталығы, Шағын кәсіпорын, Оқу шаруашылығы, Талдау мен болжаудың орнына тапсырысты пысықтау	Бизнес-тапсырыс беруші және серіктес, hard және soft құзыреттіліктерді, құндылықтарды дамыту, Кәсіби құзыреттілікті дамыту, Кадрлық қажеттіліктерді шешу, Ауыл шаруашылығын механикаландыру және дәнекерлеу ісі жөніндегі халықаралық сертификаттау орталығы, Халықаралық білім беру бағдарламалары, Инновациялық және озық технологияларды енгізу, Шетелдік колледждермен және ұйымдармен серіктестікте оқу бағдарламалары және тағылымдама
Педагог	Арнайы пәндер оқытушысы - теоретик, бизнеспен таныс емес, Сандық білім беру ортасы, WorldSkills-ұсынылған құзыреттер бойынша кәсіби модульдерді пысықтау міндеті	Оқытушы-практик, шетелде тағылымдамадан өтеді, Құзыреттілікті дамыту жөніндегі кеңесші, Бизнес өкілдері – оқытушылар мен студенттерге арналған тәлімгерлер,

		WorldSkills-мазмұны мен құзыреттілік деңгейі бойынша тапсырысқа студентті даярлауды пысықтау мүмкіндігі
Студент	Орташа баллы бар түлек-табыстылық көрсеткіші, Колледж түлектері арасындағы бәсекелестіктің жоғары деңгейі, Практикалық құзыреттілік деңгейі-70% -ке дейін, жұмыс орнындағы құзыреттерді жетілдіру-1 жылға дейін	Жас шекарасы жоқ, өмір бойы үздіксіз білім беру, практикалық құзыреттілік деңгейі-90 %, жұмыс орнындағы құзыреттілікті жетілдіру – 1 айға дейін, өз бетінше білім алу дағдылары мен жеке қасиеттер, әсіресе стресске төзімділік және командада жұмыс істеу қабілеті қалыптасқан

1.5. Ата-аналардың/студенттердің сауалнамасы

Колледж әкімшілігі колледждің инженерлік-педагогикалық қызметкерлері мен студенттеріне сауалнама жүргізеді, оның мақсаты ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану дәрежесін және колледж қызметінің басқа да бағыттарын анықтау, сондай-ақ олардың қанағаттану дәрежесіне мониторинг жүргізу болып табылады.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде колледж қызметкерлері, студенттер және олардың заңды өкілдері ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттанғандығы анықталды.

1.6. Еңбек нарығының өзгеру тенденцияларының болжамы

Өңірлік еңбек нарығын талдау жұмысшы кадрлардың тапшылығын көрсетті. Бұған тез өзгертін технологиялық процестер, жасанды интеллектті белсендіру ықпал етеді. Мұндай жағдайда облыстың экономикалық өсуін жеделдетуге ықпал ететін облыстың үш негізгі саласына – ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығына, қызмет көрсету саласына және өңдеуші өнеркәсіпке басымдық берілген өңір экономикасының өзекті сұраныстарына білім беру және кадр стратегиясын бейімдеуді көздейтін еңбек нарығын болжамды талдаудың рөлі ерекше маңызды болады. Өз кезегінде, бұл бағыттар дамудың стратегиялық бағдарларын белгілейді және заманауи технологиялар мен инновациялық шешімдерді енгізуге қабілетті жоғары білікті мамандарға қажеттілікті қалыптастырады.

Біз жасанды интеллектті ақпаратты жинауға және өңдеуге көмектесетін құрал ретінде қолданатын боламыз — бірақ соңғы шешімдерді қабылдаудағы шешуші рөл технологиялық трендтерден, ел мен аймақтың даму стратегиясынан, заңнамалық бастамалардан, халықтың көші-қонынан, техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарының жіктеуішінен, жұмысшы кәсіптерінің өңірлік атласынан құралатын болады.

II. Бағдарламаның кіріспесі

2.1. Өзектілігі

Қойылған стратегиялық міндеттер еңбек нарығында да, білім беру қызметтері нарығында да тұрақты жағдайға қол жеткізуге ықпал етеді, бұл өз кезегінде оқу орнының имиджін, ел ішінде және шетелде танылуын арттырады. Бизнеске өз әлеуетін толық іске асыра алатын, қолда бар құзыреттерді қолдана алатын және жаңаларын игере алатын адам қажет. Қазіргі уақытта кәсіпорындар ынтымақтастыққа қызығушылық таныта бастады. Серіктес кәсіпорындармен бірлесіп түлектердің біліктілігіне қойылатын талаптарды келісу және жаңарту жүзеге асырылады, әртүрлі дағдыларды дамытуға ықпал ететін бірқатар кәсіби іс-шаралар өткізіледі: hard -, soft -. Дуалды оқыту, ерте кәсіптік бағдарлау бағдарламасы, мақсатты оқыту шарттары, жұмысқа орналастыру бойынша ұсыныстар негізінде жастардың мансаптық навигациясы шеңберінде тәлімгерлік жүйесі іске асырылуда.

2.2. Шынайылығы

«Барлық өмір бойы білім беру» принципі «өмір бойы білім беру» деген жаңа тұжырымдамамен алмастырылуда. Осыған байланысты колледж қосымша біліктіліктер мен кәсіпкерлік дағдыларды алудың қолданбалы дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс істейді, қысқа мерзімді бағдарламалар бойынша оқытуды жүргізеді, өндірістік және кәсіптік практика кезеңінде ақылы жұмысты орындау мүмкіндігімен еңбек қызметіне ерте енгізуді қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің қызметкерлерге қойылатын талаптары мен білім алушылардың жеке

қажеттіліктерін ескере отырып құрылған. Білім беру бағдарламаларын жедел сараптамалық бағалау үшін серіктестер санының артуымен білім беру мекемелері мен кәсіпорындар арасындағы байланыстар кеңеюде.

Біз білім беру сапасын арттырамыз және студенттердің кәсіби дағдыларын дамытамыз, өйткені біз балабақша – мектеп – колледж – кәсіпорынның кәсіби траекториясын құруға мүмкіндік беретін жеке кәсіптік бағдарлау бағдарламасын құрдық.

2.3. Кешенділік

Білім беру ортасының сапасын арттыру үшін шағын және орта бизнес үшін мамандар даярлау жөніндегі кадр нарығы талап ететін бағдарламалардың негізіне жататын шағын және орта бизнеспен білім беру бағдарламаларын қайта қарау бойынша бірлескен жұмысты жалғастыру қажет. Серіктес кәсіпорындардың өкілдері бірлескен кәсіби конкурстар мен іс-шараларға қатысады, білім алушылардың алған құзыреттеріне бағалау жүргізу үшін демонстрациялық емтихандар түріндегі қорытынды емтихандарға шақырылады. Негізгі оқу бағдарламалары жасалған ынтымақтастық туралы шарттар мен меморандумдарға сәйкес компания қызметкерлерінің қатысуымен нақты құзыреттерге арналған қысқа мерзімді курстармен толықтырылды. Сондай-ақ, колледж студенттері болашақ жұмыс берушілермен алдын-ала танысуға және кәсіпорындарда не болып жатқанын білуге мүмкіндік бар шағын топтарда мастер-класстар мен көшпелі сабақтарға қатысады. Қазіргі уақытта колледжде еңбек нарығында барынша сұранысқа ие, ең көп құзыреттілігі бар әмбебап түлек даярлау мүмкіндігі бар.

III. Бағдарлама миссиясы

3.1. Ұйымның стратегиялық мақсаттарын орнату

Колледжді дамыту бағдарламасының мақсаты-еңбек нарығының талаптарына, ел экономикасы мен қоғамның технологиялық өзгерістері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін кадрларды даярлаудың заманауи, икемді және бейімделгіш жүйесін құру.

Колледж шешетін міндеттер бағдарламада көрсетілген және студенттерді оқытудың нәтижелілігін арттыруға бағытталған:

- Тірек колледждердің қатарына кіріп озық технологиялар мен білім беру стандарттарын енгізу алаңына айналу;
- Ұлттық біліктілік жүйесін және кәсіптік білім беру мен оқыту саласындағы халықаралық үрдістерді ескере отырып, білім беру ортасын құру;
- Халықаралық салалық стандарттарды енгізу;
- Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін бағдарламалар бойынша кадрлар даярлау;
- ТЖКБ ұйымдарымен және шетелдік оқу орындарымен байланысты дамыту;
- Қызметкерлердің кәсіби даму жүйесін қалыптастыру;
- Ғылыми-зерттеу қызметін дамыту;
- Бизнеспен, жұмыс берушілердің қоғамдық бірлестіктерімен, өндірістік кәсіпорындармен, "Атамекен" ӨКП-мен өзара іс-қимыл жасау;
- Идеологиялық сауатты, рухани-адамгершілік, патриоттық рухты жастарды тәрбиелеу жүйесін құру;
- Кәсіптік бағдар беру жұмысын дамыту;
- Материалдық-техникалық базаны жақсарту;
- Коммерцияландыруды дамыту;
- Ауыл шаруашылығын механикаландыру және дәнекерлеу ісі бойынша халықаралық сертификаттау орталығын құру;

3.2. Білім беру ұйымы қызметінің бірегейлігі

Колледждің білім беру ортасының бірегейлігі оқу орнының миссиясында көрінеді. Онда білім беру қызметтерінің барлық тұтынушыларының – студенттердің, ата-аналардың, мұғалімдердің, колледж қызметкерлерінің мүдделерін ескере отырып, стратегиялық мақсатты орнату анықталған. Колледж қызметі Ресми сайтта ашық орналастырылады <http://pt0002.kokshetau.aqmoedu.kz/>, Facebook және instagram әлеуметтік желілерінде колледждің миссиясы мен стратегиялық даму бағыттарының мазмұнын ашатын ақпарат көрсетілген.

IV. Бағдарламаның стратегиялық блогы

4.1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі ұйымның рөлі

Колледж ұжымы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаның қалыптасуына, дамуына және кәсіби қалыптасуына ықпал ететін сапалы білім алу үшін жағдай жасап, білім алушылармен кәсіптік бағдарлау жұмысын қамтамасыз етеді, Еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес теориялық және өндірістік оқыту арасындағы өзара байланысты орнатады, оқытудың жаңа технологияларын енгізеді, бұл білім алушылардың уақтылы бейімделуіне ықпал етеді қоғам мен еңбек нарығының өзгеретін қажеттіліктеріне, жаңа технологияларды білім беру бағдарламалары мен оқыту жүйесіне біріктіреді, педагогикалық әлеуетті дамытады, әлеуметтік әріптестер желісін кеңейтеді, материалдық-техникалық базаны жақсартады және нығайтады, оқытудың әлемдік стандарттарын енгізеді.

4.2. Стратегияларды таңдау және ұйымның даму кезеңдерін болжау

Стратегияларды таңдау және ұйымның даму кезеңдерін болжау-бұл тез өзгеретін бизнес - ортаға бейімделуге көмектесетін стратегиялық жоспарлаудың бөлігі. Бағдарламаны іске асыру студенттердің, ОЖБ мен қызметкерлердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Колледждің даму стратегиясын әзірлеу процесі келесі кезеңдерді қамтиды: Сыртқы және ішкі ортаны талдау-білім беру қызметтері нарығындағы позиция, даму динамикасы, әлеуеті, бәсекелестердің дамуы бағаланады.

Миссия мен мақсаттарды әзірлеу. Миссия-колледждің өмір сүруінің ұзақ мерзімді перспективасына арналған негізгі мақсаты қысқаша сипатталған оқу орнының тұжырымдамасы. Колледждің мақсаттары мен міндеттері оқытудың нәтижелілігін арттыруға бағытталған, оқу, тәжірибеге бағдарланған, тәрбиелік және әлеуметтік топтарға бөлінеді. Барлық мақсаттар мен міндеттер әр қызметкер миссияға жетудегі жеке үлесінің не екенін білетіндей етіп үйлестірілген. Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасы саласындағы қызметтің құзыретті және толыққанды қатысушылары бола отырып, инновациялық технологиялар негізінде білім деңгейін тиімді арттыра отырып, өз қызметін бастамашыл және жауапкершілікпен жоспарлайды және жүзеге асырады.

Колледж әкімшілігі іс-қимылдарды түзету және ұжымды одан әрі дамыту мақсатында миссияның, мақсаттар мен міндеттердің тиімділігіне жүйелі бағалау жүргізеді.

Нақты даму стратегиясын таңдау. Мақсаттарды орындауға бағытталған стратегиялардың бірнеше нұсқалары әзірленуде. Стратегияны таңдау кезінде оның тиімділігі шешуші фактор болып табылады.

Стратегияны іске асыру. Таңдалған колледж стратегиясы нарық талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.

4.3. Академиялық саясат

Академиялық саясаттың мақсаты оқу процесін реттеу, дайындық сапасын бақылау жүйесін құру, білім алушылардың құқықтары мен жауапкершіліктерін ретке келтіру болып табылады.

Академиялық саясат барлық құрылымдық бөлімшелердің, лауазымды тұлғалардың орындауы үшін міндетті және білім беру процесінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған. Колледждің академиялық саясаты "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларымен, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларымен, колледж Жарғысымен, ішкі тәртіп қағидаларымен, академиялық адалдық ережелерімен реттеледі.

4.4. Ұйымның инновациялық әлеуетін дамыту және оған қол жеткізу

Мақсаттарға жету үшін колледж келесі міндеттерді шешеді:

- әлемдік стандарттарға сәйкес сапалы заманауи білім алуға және кәсіби даярлыққа кепілдік беретін инновациялық оқу орны болу;
- өз қызметінде барлық мүдделі тараптардың (мемлекеттің, қоғамның, жұмыс берушілердің, түлектердің, талапкерлердің, білім алушылар мен колледж қызметкерлерінің)мүдделеріне үнемі бағдарлану;
- іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларының инновациялық әлеуетін арттыру, білім беру процесіне жаңа білім беру технологияларын енгізу есебінен колледж түлектерінің кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайындығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

- мотивацияны қалыптастыру арқылы колледж қызметкерлері мен студенттерін Білім сапасын арттыру қызметіне белсенді тарту, шығармашылық бастаманы қолдау, корпоративтік мәдениетті дамыту.

4.5. Ғылыми-техникалық әзірлемелерді коммерцияландыру

Колледж базасында ғылыми-техникалық әзірлемелерді коммерцияландыруға қатысты жүйелі жұмыс жүргізілуде.

2024 жылғы ақпанда "BAINAR" ЖШС-мен шаруашылық шарт шеңберінде КИК командасы "Қазақстанның солтүстік өңірлерінде күрт континенталды климат жағдайында ауыл шаруашылығы құралдарын дамытудың заманауи үрдістері мен перспективалары" тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызмет көрсетті.

Сондай-ақ, 2024-2025 оқу жылының бірінші семестрінде колледж базасында облыстың білім басқармасымен және "Атамекен" ӨКП-мен келісілген ереже негізінде өңірлік Бизнес-инкубатордың жұмысы ұйымдастырылды. Байқауға арнайы пәндер оқытушылары қатысты.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде тірек колледж мәртебесіне сәйкес облыс колледждерімен бизнес-инкубатордың жұмысын масштабтау жоспарлануда.

V. Бағдарламаның мақсаттарына жету жолдары

5.1. Бағдарламаны іске асыру жоспарын әзірлеу

Колледжді дамыту Бағдарламасын іске асыру үшін оқу орнын ұзақ мерзімді дамытудың мақсаттары мен міндеттері айқындалды, өткен жылдардағы қол жеткізілген нәтижелер мен қолда бар ресурстар бойынша талдамалық жұмыс жүргізілді, қойылған міндеттерді іске асыру кезінде ықтимал тәуекелдер пысықталды, жобаның көлемі зерделенді, колледж бөлімшелері арасында міндеттер бөлінді, таңдалған жолды тексеру және даму бағдарламасын ықтимал түзету бойынша Бақылау күндері анықталды.

Колледжді дамыту Бағдарламасын іске асыру бойынша негізгі түйінді сәттер:

- Еңбек нарығының өзекті сұраныстарын ескере отырып, жаңа мамандықтарды енгізу;
- Қала және облыс мектептерінің барынша көп санын кәсіптік бағдар беру жұмысымен қамту, оны жаңа форматта шешу;
- Колледж түлектерін даярлау сапасының кәсіби және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

- Колледждің материалдық-техникалық базасын дамыту және нығайту;
- Қажетті оқу-әдістемелік құжаттаманың толық болуын қамтамасыз ету, оның сапасын арттыру;
- Білім беру ортасына инклюзивті тәжірибелерді енгізу;
- Колледж түлектерін жұмысқа орналастыруға белсенді жәрдемдесу;
- ОЖБ ғылыми-зерттеу жұмысын дамыту және жандандыру және студенттер;
- Колледждің адами капиталын дамыту; - Колледждің әлеуметтік серіктестер желісін кеңейту;
- Колледж қызметінің негізгі бағыттарын ақпараттандыру;
- Колледждің басқару жүйесі мен ұйымдастырушылық құрылымын оңтайландыру.

5.2. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-қимылдарды ұйымдастыру және үйлестіру

Колледжде бар ұйымдық құрылым оқу орнын тиісті деңгейде басқаруға мүмкіндік береді. Бұл жүйенің тиімділігі өкілеттіктерді бөлу тәжірибесіне негізделген; шешім қабылдау процедураларын түзету; ақпарат алмасуды жақсарту әдістерін таңдау; тапсырмаларды тиімді орындау үшін әртүрлі бөлімшелер мен қызметкерлер арасындағы үйлесімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін бақылауды ұйымдастыру колледж жұмысының сапасын бақылауға және жақсартуға мүмкіндік береді.

VI. Күтілетін нәтижелердің сипаттамасы

6.1. Ұйымдағы оң өзгерістер

Бағдарламаны іске асырудың жоспарланған нәтижелері:

- колледжді инновациялық типтегі ең жақсы оқу орындарының бірі ретінде орналастыру;
- әртүрлі мақсатты аудиториялар үшін колледжде болып жатқан оқиғалар туралы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- колледждің имидждік саясатына оң әсер ететін түрлі деңгейдегі іс-шараларды тиімді ақпараттық сүйемелдеу;
- бизнес-құрылымдардың өкілдерімен байланысты дамыту, колледжді дамытуға қосымша инвестициялар тарту.

6.2. Сапалық және сандық күтілетін нәтижелер

«Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы көпсалалы инновациялық колледжі» МКҚК даму бағдарламаларының нысаналы индикаторлары

Кесте 7

№ p/c	Нысаналы индикаторлар	Өлшем.	Жоспарлы кезеңде					
			2024	2025	2026	2027	2028	2029
1.	Жастарды колледждерде сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін оқытумен қамту (9 сынып түлектері)	%	90	100	100	100	100	100
2.	Дуальды оқытумен қамтылған, мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын техникалық және кәсіптік білім беру студенттерінің үлесі	%	28	35	38	39	39,5	40
3.	Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған білім беру ұйымдарының үлесі	%	80	90	100	100	100	100
4.	ЕББҚ бар тұлғалар үшін тең жағдайлар мен кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету	%	90	100	100	100	100	100
5.	ЕББҚ бар тұлғаларды жеке оқу жоспарлары бойынша оқыту	%	10	10	10	10	10	10
6.	Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын енгізу	адам	2	2	3	3	3	3
7.	Академиялық адалдықты енгізу	%	100	100	100	100	100	100
8.	Колледж студенттерінің PISA-2025, PISA-2029 зерттеулеріне қатысуы		-	+	-	-	-	+
9.	Колледж студенттерінің WorldSkills және Abilympics аймақтық және Ұлттық чемпионаттарына қатысуы	адам	14	18	20	24	27	30
10.	Колледж студенттерінің WorldSkills, Agroskills және Abilympics	адам	-	1	1	1	1	1

	халықаралық чемпионаттарына қатысуы							
11.	Колледж студенттерінің кәсіби шеберлік конкурстарына, олимпиадаларға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы	адам	75	85	93	99	100	110
12.	«BauyrsaqFest-2025», «Agro West», «Agroprofi» мансаптық марафоны және т. б кәсіпорындарының студенттері мен жас мамандары арасында кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу		-	+	+	+	+	+
13.	«Ауыл шаруашылығын механикаландыру және есептеу техникасы» мамандықтары бойынша «Agro Profi» мансаптық марафонын өткізу		-	+	+	+	+	+
14.	«Қазақстан Республикасы колледждерінің ТОП 100 студенті» жобасына қатысу		+	+	+	+	+	+
15.	«Талап» КЕАҚ тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу	дана	11	3	3	11	3	3
16.	СБШ, ҰБК сәйкес WorldSkills стандарттары, кәсіби стандарттар бойынша білім беру бағдарламаларын, жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу		+	+	+	+	+	+
17.	Кәсіпкерлік дағдыларды, негізгі икемді дағдыларды (soft skills) дамытуға бағытталған модульдер көзделетін білім беру бағдарламаларын жетілдіру және жаңарту		+	+	+	+	+	+
18.	Білім беру қызметіне лицензияға жаңа мамандықтарды енгізу	дана	-	1	1	1	1	1
19.	Кітапхана қорын жаңарту және толықтыру		+	+	+	+	+	+

20.	Робототехника кабинетінің ашылуы		+	+	-	-	-	-
21.	WorldSkills Kazakhstan және Abilympics қозғалысын дамыту		+	+	+	+	+	+
22.	ТЖКБ ұйымдарының оқу процесіне WorldSkills бағалау жүйесін енгізген колледждердің үлесі	%	100	100	100	100	100	100
23.	WorldSkills стандарттары бойынша демонстрациялық емтихандар өткізу	%	14	37	100	100	100	100
24.	Әлеуметтік серіктестер желісін кеңейту		45	49	54	57	58	60
25.	Әлеуметтік серіктестердің студенттерге арналған оқыту семинарларын, оқу сабақтарын, шеберлік сыныптарын өткізуі		+	+	+	+	+	+
26.	Арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіпорындар базасында тағылымдамасы	адам	5	8	5	4	5	6
27.	Халықаралық тағылымдамадан өту		6	2	2	3	3	4
28.	ТЖКБ нысаналы және әлеуметтік ұйымдары үшін алаңдарды ұйымдастыру		-	+	+	+	+	+
29.	ТЖКБ ұйымдарын бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі	%	72	74	75	77	78	80
30.	Жұмысқа орналастыру міндеттемесімен кәсіпорындардың өтінімдері бойынша кадрлар даярлауды кеңейту (нысаналы даярлау)	саны	15	20	25	30	35	40
31.	Құрылған құзырет орталықтарының саны	саны	1	1	1	1	1	1
32.	«Ауыл шаруашылығын механикаландыру» құзыреті бойынша оқу-жаттығу лагерін құру		+	+	+	+	+	+

33.	Халықаралық салалық талаптарға (стандарттарға) сәйкес келетін құрылған құзырет орталықтарының саны	шт	-	2	-	-	-	-
34.	Халықаралық сертификаттау орталығында білім алушылардың білім жетістіктерін аккредиттеу		-	-	+	+	+	+
35.	Колледждің материалдық-техникалық базасын нығайту		+	+	+	+	+	+
36.	Операциялық процестерді автоматтандыру және АЖ интеграциясы	Интеграциялық шешімдер	+	+	+	+	+	+
37.	Колледж педагогтарының жалпы санынан педагог-шебердің, педагог-зерттеушінің, педагог-сарапшының біліктілік деңгейі бар педагогтардың үлесі	%	27	36	50	52	60	74
38.	Колледж педагогтерінің жалпы санынан педагог-модератор біліктілік деңгейі бар педагогтердің үлесі	%	32	43	52	54	60	61
39.	Арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің жалпы санынан өндірістен тартылған мамандардың үлесі	%	8	9	10	11	12	13
40.	Колледж педагогтарының біліктілігін арттыру, қайта даярлау және оқыту	адам	9	14	32	9	14	21
41.	Колледж педагогтарының оқу құралдарын, оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуі	адам	3	5	10	13	16	20
42.	WorldSkills халықаралық талаптары мен стандарттары бойынша сарапшыларды оқыту	адам	4	3	5	4	2	3
43.	Тәлімгерлік мектебін дамыту		+	+	+	+	+	+
44.	«Senior Mentorship» жобасына қатысу		+	+	+	+	+	+

45.	Колледж педагогтарының ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, олимпиадаларға қатысуы	адам	15	20	23	30	32	35
46.	Колледж педагогтарының кәсіби шеберлік конкурстарына қатысуы	адам	8	10	12	15	18	20
47.	Колледждің мемлекеттік аттестаттау және өзін-өзі аттестаттауы	Аттестаттау жылы	+	+	+	+	++	+
48.	Халықаралық аккредиттеу	Аттестаттау жылы	-	+	-	-	-	-
49.	Кәсіби бағдар берушілердің біліктілігін арттыру курстарынан өту	18	-	3	4	5	6	7
50.	Кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша әдістемелік материалдарды дайындау, диагностикалық құралдар пакетін және ұсынымдарды әзірлеу	20	1	2	3	4	5	6
51.	Бейімділіктері мен мүдделерін анықтау мақсатында білім алушыларға диагностика жүргізу, ұдайы тесттер алу	29	2	3	5	6	7	8
52.	Жиналған деректер мен кері байланыс негізінде әдістер мен іс-шараларды үнемі түзету	+	+	+	+	+	+	+
53.	«Мансап компасы» платформасында кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру	+	-	+	+	+	+	+
54.	№2 КОМ - де бейіндік сыныпты ашу	1	-	-	+	-	-	-
55.	«One School One Skill» жобасын іске асыру (бір мектеп - бір дағды) №1 КОМ	1	-	+	-	-	-	-
56.	Оқушылардың колледж базасында бірінші жұмысшы мамандығының дағдыларын игеруі	1	+	+	+	+	+	+
57.	«Jas Skills», «Beby Skills», «Junior Skills» кәсіби	5	+	+	+	+	+	+

	шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу							
--	--	--	--	--	--	--	--	--